

басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы бойынша

Білім беру ұйымдарының педагогтерін конкурстық тағайындау облыстық білім басқармасы арқылы жүргізіледі. Аталған рәсімдер мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 31-тармағында бірінші басшылар лауазымына орналасуға үміткер жеке тұлға (бұдан әрі – кандидаттар) осы Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағына сәйкес Мемлекеттік корпорацияға және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне және (немесе) «электрондық үкімет» веб-порталына (бұдан әрі – портал) өтініш пен құжаттар береді делінген.

Альтернатива ретінде мемлекеттік органның кеңсесіне құжат тапсыру рұқсат етілгендіктен, қызмет алушылардың басым бөлігі құжаттарын қағаз түрінде басқармаға тапсырады. Бұнымен қоса, қызметтің 10-15%-ы мемлекеттік корпорация арқылы көрсетіледі (қағаз түрінде). Қызметтің қағаз түрінде көрсетілуі кезінде сыбайлас жемқорлық фактілерінің орын алу ықтималдығы артады.

Электрондық үкімет веб-порталына кандидаттар құжат тапсырғанымен, интеграцияланған жүйе болмағандықтан қызметті көрсетушіге өтініш түскендігі көрінбейді.

**Ұсыныс:** Осы мәселені шешу үшін қазіргі қолданыстағы е-Портфолио сияқты жүйелердің бірін, электрондық үкімет порталымен интеграциялау қажеттілігі туындап отыр.

### **Ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметі келесі мәселелерді қамтиды:

- 1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;
- 2) Мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) Мемлекеттік қызмет көрсету;
- 4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) Бақылау функцияларын іске асыру;
- 6) Бөлімдерге келіп түскенарыз-шағымдар туралы;
- 7) Бөлімнің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

### **I. ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ, СОНЫҢ ІШІНДЕ КАДРЛАРДЫҢ АУЫСУЫ**

2022 жылдың 1-жартыжылдығында кіші қызметкерлікке Халықты жұмыспен қамту орталығының ұсынысы бойынша 2 адам қабылданды,